

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 21 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі екі мәселе «Қоғамдық бақылау туралы» Заңды қарау және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл екі заң қоғамдық бақылау мәселесіне қатысты. Сондықтан бас комитет олар бойынша бір баяндама жасауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Екі заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! «Қоғамдық бақылау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдары Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауындағы тапсырмасына сәйкес әзірленді.

Аталған заңдар мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың ашықтық дәрежесін кеңейтіп, азаматтардың қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған. Ол үшін келесілер ұсынылады.

Бірінші. Заңда қоғамдық бақылау ұғымы, қоғамдық бақылаудың мақсаты мен басты қағидаттары айқындалады.

Екінші. Қоғамдық бақылауды іске асыратын қоғамдық бақылау субъектілері және қоғамдық бақылау объектілері айқындалады және олардың құқықтары мен міндеттері нақтыланады.

Мысалы, қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық бақылау топтарын құруға, сарапшыларды тартуға, сондай-ақ ақпарат сұратуға, қоғамдық бақылау объектілерінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдануға және тағы басқалары құқылы болады.

Қоғамдық бақылау объектілері қоғамдық бақылау нысандарының ұсынымдарын қарауға және оларды интернет-ресурстарда орналастыруға, мүдделер қақтығысын болдырмауға, қауіпсіздік шараларын сақтауға, субъектілерге қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті болады.

Үшінші. Қоғамдық бақылаудың негізгі формалары ретінде қоғамдық мониторинг, қоғамдық сараптама, қоғамдық тыңдау ұсынылады.

Төртінші. Заңда қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қатысу шарттары айқындалған.

Қоғамдық бақылауды іске асыруға 18 жасқа толмаған, соттылығы өтелмеген, наркологиялық немесе психикалық есепте тұрған адамдар жіберілмейді. Сонымен қатар қызметінде шетелдің қатысы бар, қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған коммерциялық емес ұйымдарға шектеу қойылады.

Бесінші. Қоғамдық бақылау нәтижелерін қарау нормалары бекітілді. Осылайша қоғамдық бақылау объектілері қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды құжатты он күн мерзімде қарап және дәлелді жауап жіберуі керек. Бұл ретте қоғамдық бақылау объектілері мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті қарау үшін шаралар қолдануға міндетті.

Бұдан әрі қоғамдық бақылау жүргізу тәртібін реттейтін ілеспе заңды ұсынуға рұқсат етіңіздер.

Заң қоғамдық бақылауға қатысты салалық заңнамаларға өзгертулер енгізумен қатар петиция институтын регламенттеу жөніндегі түзетулерді де қамтиды.

Бірінші. Заңнамада петиция ұғымы беріледі.

Екінші. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте петицияларды беру және қарау тәртібі регламенттелді.

Үшінші. Петицияны Қазақстан Республикасының азаматтары арнайы интернет портал арқылы бере алады.

Төртінші. Уәкілетті орган петиция жария болғанша оның заңда бекітілген шарттарға сәйкестігін анықтайды.

Бесінші. Петицияны міндетті түрде қарау үшін оны қолдайтын дауыстардың шекті мәндері анықталады:

аудандық деңгей (әкімдіктер құзыретіне жататын мәселелер бойынша) – халқы 50 мыңнан асатын болса 2,5 мың дауыс, қалғандары үшін халық санының кемінде 5 пайызы болуы керек;

аудандық деңгей (мәслихаттар құзыретіне жататын мәселелер бойынша) – халқы 50 мыңнан асатын болса 5 мың дауыс, қалғандары үшін халық санының кемінде 10 пайызы болуы керек;

облыстық деңгей (әкімдіктер құзыретіне жататын мәселелер бойынша) – халқы 50 мыңнан асатын болса 5 мың дауыс, қалғандары үшін халқы санының кемінде 10 пайызы болуы керек;

облыстық деңгей (мәслихаттар құзыретіне жататын мәселелер бойынша) – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының кемінде 2 пайызы болуы керек;

облыстық деңгей (әкімдіктер құзыретіне жататын мәселелер бойынша) – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының 1 пайыз дауысы болуы керек;

республикалық деңгей (Үкімет құзыретіне жататын мәселелер бойынша) – кемінде 50 мың дауыс болуы керек.

Алтыншы. Петицияны жан-жақты қарау мақсатында мемлекеттік орган петиция авторын шақырып, хабардар ете отырып, мемлекеттік орган шешімінің жобасын жария талқылауды ұйымдастырып, жеке комиссия немесе жұмыс тобын құрады.

Мұндай шаралар петициялардың қоғамдық мәртебесі мен маңызын арттыруға мүмкіндік береді.

Жетінші. Петиция бойынша шешімді мемлекеттік органның бірінші басшысы қабылдайды.

Заңның ең басты мақсаты – Конституцияға сәйкес азаматтардың мемлекет істерін тікелей басқаруға қатысуына жағдай жасау.

Бұл еліміздің қоғамдық процесстерінде орасан зор прогрессивті қадам деп білеміз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды және Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Ілеспе заңның жаңашылдықтарының бірі – азаматтардың петиция институтын пайдалануының құқықтық негіздерін жасау.

Петиция – мемлекеттік органға, жергілікті өкілді және атқарушы органға электрондық құжат нысанында жіберілген және осы кодексте белгіленген тәртіппен қаралатын ұжымдық хабар, үн қосу немесе ұсыныс ретінде анықталады.

Қаралып отырған ілеспе заң деңгейінде петицияның нысанасы бола алмайтын мәселелер тізімі нақтыланған. Алайда петицияның нысанасы ретінде қандай мәселелер болатыны, яғни оларда қандай сұрақтар көтере алатындығы заңда нақты ашылмаған.

Мысалы, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте «шағым» деген ұғым әкімшілік рәсімге қатысушының өзінің және басқа да тұлғалардың әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) бұзған құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру немесе қорғау туралы талабы қамтылатын жолданым нысандарының бірі ретінде нақты анықталған. Яғни, шағымның нысанасы бола алатын мәселелер аумағы нақты анықталған. Осыған орай сұрағым бар.

Петиция нысанасының заңда нақты анықталмауы оны жіберу және мемлекеттік органның қабылдауы кезінде іс жүзінде қиындықтар мен заң нормаларына байланысты коллизиялар тудырмай ма? Осыған жауап берсеңіз.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Сұрағыңызға рақмет.

Заңда көзделген «петиция» ұғымы редакциясы өтініштерді ажыратуға мүмкіндік береді және бұл ұжымдық сипатта болады. Ұсынылған тұжырымдама басқа елдерде қолданылатын терминологияға сәйкес келеді. Мұнда петициялар қоғамдық пікірді білдірудің немесе ұсыныс білдірудің танымал құралы болып табылады.

Заңда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске петицияларды арнайы тараумен белгілеген, сондай-ақ петицияларды өтініштерден айыратын ерекшелігін білдіретін арнайы жеке қарау тәртібі көзделген. Сондай-ақ осы кодексте «ұсыныс», «жауап», «хабарлама» ұғымдарының мәні бекітілген.

Ұсыныс – заңдарды жетілдіру, мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру бойынша.

Жауап – жүргізіп жатқан саясатқа көзқарасының көрінісі.

Хабарлама – заңдардың бұзылуы жөніндегі хабар.

Өтініш деп жеке сипаттағы өтінішті немесе шағымды түсінуі мүмкін. Ал петиция ол заңнамаға сәйкес келетін кез келген мәселе болуы мүмкін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Өтешов Серік Балғатайұлына беріледі.

ӨТЕШОВ С.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Мәдениет және ақпарат министрлігіне.

Заңда петицияны азаматтар арнайы интернет портал арқылы бере алады деп көрсетілген. Соған сәйкес петицияны интернет-ресурста еркін қолжетімділікте орналастырудың ерекше тәртібі де бекітілген. Атап айтсақ:

біріншіден, петицияға берілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде электрондық нысанда және 20 жұмыс күні ішінде жазбаша түрде кемінде 50 азаматы қосылуы керек;

екіншіден, петицияны міндетті түрде қарау үшін аудандық, облыстық, республикалық деңгейде оны қолдайтын дауыстардың міндетті шегі бар.

Заңға сәйкес шекті мәнге жеткен петиция ғана қолдау тапты деп саналады.

Осыған байланысты петицияны жазудан бастап жауап алуға дейінгі процестің ұзақ уақыт алатындығы, егер шекті дауыс жиналмаған жағдайда оны қарау мүмкіндігі болмайтындығы немесе көтеріліп отырған мәселе өзінің өзектілігін жоғалтатыны анық. Осыған орай сұрақтарым бар.

Бірінші. Петицияны қарау мерзімі мен тәртібін анықтау барысында нені басшылыққа ала отырып жасадыңыздар?

Екінші. Петицияны міндетті түрде қарау үшін алынған шекті мәндер қандай критерийге немесе әдістемеге байланысты таңдалды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қадыров Данияр Рамазанұлы, жауап беріңіз.

ҚАДЫРОВ Д.Р. Рақмет.

Негізі бұл жерде петицияларды қараудың шекті мәндері белгіленген. Қазіргі таңда он күннің ішінде құзыретті мемлекеттік орган – Мәдениет және ақпарат министрлігі оның петицияға сәйкестігін қарайды. Руслан Рүстемұлы айтып кеткендей, петиция тақырыбына кірмейтін тізімдер бар, оған қайшы келмесе, ол мәселені петицияға шығаруға болады. Яғни, балағат сөздер, адамның ар-ожданына нұқсан келтіретін әрекеттер болмаса, онда оны петицияға орналастыруға құзыретті орган міндетті. Әр петицияны министрлік мониторингтен өткізеді, қарайды. Оның шекті мәндері халықаралық практикадан алынған. Қарау мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамалық тәжірибесінен алынып отыр. Бұл жерде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көрсетілген уақыттардан басқа мерзімдер белгіленіп отыр. Қаралу мерзімінен ұзартуға мүмкіндік жоқ. Сондықтан азаматтардың арызды орналастыруға құқығы сақталған деп есептейміз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос к представителю Министерства культуры и информации.

Глава государства в своем Послании народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действий» отметил следующее: «Если мы реально хотим улучшить жизнь наших граждан, то следует вовлекать их самих в процесс реформ. Наши последующие политические реформы должны быть направлены на более широкое вовлечение людей в управление страной».

В этой связи рассматриваемые сегодня законы, которые предполагают участие рядовых казахстанцев в организации и проведении общественного контроля, крайне актуальны для нашего общества. Безусловно, я поддерживаю их.

Вместе с тем самыми злободневными вопросами для общественности остаются темы, связанные с бюджетными расходами на социальные нужды и строительство социальных и иных объектов и возможностью проведения контроля над формированием тарифов субъектами естественной монополии.

В связи с этим возникает вопрос: насколько эти законы позволят общественности проверять ход реализации государственного бюджета, а также осуществлять непосредственный контроль за формированием тарифов субъектов естественной монополии? Рақмет.

ТӨРАҒА. Данияр Рамазанұлы, жауап беріңіз.

ҚАДЫРОВ Д.Р. Рақмет, Бибигүл Нұрғалиқызы.

Как Вы правильно сказали, общественный контроль – это вовлечение граждан в дела управления государством. Здесь необходимо отметить, что каждый гражданин имеет право смотреть, отслеживать расходование или предоставление услуг государством. Также у каждого гражданина будет возможность через общественный контроль отслеживать формирование, составление государственного бюджета, проведение программ и проектов.

По тарифообразованию. Необходимо отметить, что одним из способов проведения общественного контроля является общественная экспертиза. В этой связи граждане с привлечением экспертов могут проводить общественную экспертизу по тарифообразованию и давать свои предложения не только субъектам естественной монополии, но и государственным органам.

Я думаю, что данный институт общественного контроля позволит минимизировать коррупционные риски и даст возможность проводить открытость государственных органов, чтобы государственные органы в открытых данных выставляли всю информацию, чтобы не было необходимости проводить общественный контроль. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкіліне.

Бүгінгі қарастырылып отырған ілеспе заңда «Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенті палаталары мен Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату туралы мәселелер петицияның нысанасы бола алмайды» деген норма бар. Осы орайда сұрақтар туындап отыр.

Бірінші. Заң қабылданғаннан кейін жоғарыда айтылған тізімге кірмеген лауазымды тұлғаларды қызметтен босатуға халық петиция арқылы қаншалықты әсер ете алады?

Екінші. Қазірдің өзінде нақты лауазымды тұлғалардың қызметіне көңілі толмағандықтан бейресми жиналған петициялар жетерлік. Мұндай тұлғаларға егер петиция арқылы әсер ете алмаса, халықтың наразылығы қалай реттелетін болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Данияр Рамазанұлы, жауап беріңіз.

ҚАДЫРОВ Д.Р. Рақмет.

Петиция беруге тыйым салынған тақырыптардан тыс болса, онда әкімшілік қызметкер бойынша петиция беруге болады. Тыйым салынған тақырыптар заңда 17 тармақпен көрсетілген. Одан тыс болса, азаматтар мән-жайды түсіндіріп, қай мәселе бойынша ол қызметкерді лауазымынан босатуға байланысты ұсыныстар беруіне болады. Бұл, өзіңіз айтып кеткендей, Президенттің, Парламент палаталарының және Үкіметтің құрамына кірмейтін лауазымға қатысты болса, ол петиция ретінде қабылданып, қаралады. Оны Қазақстан Республикасының заңнамасымен іске асыруға мүмкіндік бар.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителю Министерства экологии и природных ресурсов.

Согласно вносимым поправкам в Экологический кодекс некоммерческие организации наделяются правом проводить независимый экологический мониторинг состояния окружающей среды, создавать и вести электронные базы данных.

Вместе с тем в соответствии со статьей 159 Экологического кодекса под экологическим мониторингом понимается комплексная система наблюдений, измерений, сбора, накопления, хранения, учета, систематизации, обобщения, обработки и анализа полученных данных в отношении качества окружающей среды, а также производства на их основе экологической информации, которые осуществляются уполномоченными органами и недропользователями в рамках производственного экологического контроля. А рассматриваемый закон не предусматривает внесения поправок в данную статью. В этой связи возникают следующие вопросы.

1. В чем заключается суть независимого экологического мониторинга, и в каких случаях он может проводиться?

2. Нет ли в данном случае противоречий между нормами данного закона и Экологического кодекса? Спасибо.

ТӨРАҒА. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Құрмалаев Нұрлан Сайынұлы, жауап беріңіз.

ҚҰРМАЛАЕВ Н.С. Спасибо за вопросы.

Если можно, начну со второго вопроса. Противоречий между Экологическим кодексом и независимым экологическим мониторингом нет, так как согласно статьям 644 и 665 определен круг производителей информации, тогда как в рамках независимого экологического мониторинга расширяются функции и возможности предоставления информации для общественности в рамках проводимой работы.

Суть независимого мониторинга – сбор этих данных и предоставление их на безвозмездной основе национальной метрологической службе. То есть информация, которая генерируется национальной метрологической службой, расширяется путем сбора

данных от независимых некоммерческих организаций, тем самым расширяя функции данного комплексного мониторинга.

ТӨРАҒА. Еще был вопрос: в каких случаях проводится независимый мониторинг?

ҚҰРМАЛАЕВ Н.С. Независимый мониторинг проводится, как правило, когда у общественности есть острая нужда в какой-то дополнительной независимой оценке. Когда порядок не включает той работы, которая проводится, тогда независимый мониторинг может проводиться с целью уточнения, получения более детальной экспертизы и дополнения информации, при необходимости, которая возникает у общественности, а она может возникнуть в любой момент.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Руслан Рүстемұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді, әріптестер, заңдарды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Талқыланып отырған «Қоғамдық бақылау туралы» және оның орындалу тәртібін реттейтін ілеспе заңы талай талдау мен жан-жақты сараптамадан өткен құжат. Бұған дейін ел тарихында қоғамдық бақылау мәселесі арнайы заңмен реттелген жоқ.

Бұл заңдар қоғамдық бақылаудың негізгі мақсаты мен міндеттерін айқындап, бұқара мен билік арасындағы қатынасты күшейтіп, мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың қоғам алдындағы ашықтығы және есептілігін қамтамасыз етуге жол ашуға мүмкіндік береді.

Заң нормаларымен қоғамдық бақылау субъектілерінің заңдылығы, жариялылығы, ашықтығы, ерікті қатысуы мен тәуелсіздігі сияқты қоғамдық бақылау қағидаттары белгіленген. Қоғамдық бақылау субъектілері мен объектілерінің құқықтары мен міндеттері нақтыланған.

Сондай-ақ бақылауды ұйымдастыру, оның нәтижелерін талқылау, шешім шығару тәртібі анықталған.

Сонымен қатар заңда «петиция» ұғымы беріліп, оның жүргізу тәртібін, петиция берілмейтін мәселелерді регламенттеу мәселесі көзделген.

Қоғамдық бақылау мәселелері жөніндегі ілеспе заң қоғамдық бақылау жүргізу тәртібін реттейтін жекелеген заңнамалық актілердің нормаларын негізгі заң ережелеріне сәйкес келтіру үшін әзірленген.

Қорытындылап айтқанда, заңның негізгі новеллалары қоғамдық бақылау институтын дамытуға және қолдауға бағытталған. Бұл еліміздің қоғамдық даму процесіндегі үлкен қадам.

Аталған құжат уақытылы және бүгінгі қоғамның талабына сай әзірленіп отыр.

Осы орайда, құрметті әріптестер, аталған заңдарды толықтай қолдаймын, сондай-ақ сіздердің де мақұлдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қоғамдық бақылау туралы» Заң мақұлданысын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң бірінші оқылымда мақұлданысын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды екінші оқылымда қарауды енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитет отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды екінші оқылымда қарау жөнінде.

Сөз сенатор Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қолданыстағы нормаларды «Қоғамдық бақылау туралы» Заңның негізгі ережелерімен сәйкестендіру мақсатында әзірленген.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді іске асыру үшін үш кодекске және он заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделуде.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі петициялар институтын регламенттеу туралы нормалармен, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы мәслихат депутатының құқығын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікке қатысты мәселелер бойынша петициялар жазу жөнінде ұсынымдар мен консультациялар беру, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мемлекеттік органдардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың петицияларды қарауына мониторинг жүргізу, петицияларды мәслихат сессиясының қарауына шығару жөніндегі нормалармен толықтырылып отыр.

Сондай-ақ басқа да бірқатар қолданыстағы заңдарға нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге және жекелеген заңнамалық актілерді «Қоғамдық бақылау туралы» негізгі Заңның ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізілді.

Бұл түзетулер қоғамдық бақылау саласын реттеудің нормативтік негізін тұжырымдамалық тұрғыдан жаңартуға мүмкіндік береді және қоғамдық бақылау саласындағы ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіруге ықпал ететін болады.

Заң бірінші оқылымда мақұлданғаннан соң Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулері мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес жоғарыда аталған заңды мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Руслан Рүстемұлы.

Әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң мақұлданысын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Бүгін мақұлданған заңдар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында әзірленді. Олар мемлекеттік органдар мен

квазимемлекеттік сектордың қоғам алдындағы ашықтығын және есептілігін қамтамасыз етуді көздейді.

Негізгі заң арқылы қоғамдық бақылаудың нысандары, оның нәтижелері, азаматтар мен бақылауға жататын объектілердің құқықтары мен міндеттері айқындалып отыр.

Сондай-ақ заң деңгейінде азаматтардың мемлекеттік процестерге қатысты пікір білдірудің қосымша тетігі – петиция институты енгізіледі.

Мұндай жаңа нормалар алдағы уақытта қоғамның қажеттіліктерін барынша ескеруге мүмкіндік беруі тиіс. Осылайша халықтың көкейіндегі мәселелерді мемлекеттік органдарға тұрақты түрде жеткізудің заңдастырылған қосымша тетіктері қалыптасады. Бұл өз кезегінде азаматтарымыздың мемлекеттік басқару институттарына деген сенімін арттырып, еліміздің дамуына оң ықпал етеді деп сенеміз.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Сапалы ауызсуға қолжетімділік мәселесі тұрғындар үшін аса маңызды фактор.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында инфрақұрылым мәселесіне ерекше көңіл бөлді.

Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарымен кездесу барысында халық алдымен ауызсумен қамтамасыз ету, оның ішінде құрылысы ұзақ жылдарға созылып кеткен су тораптары мәселесін жиі көтереді.

Бүгінгі таңда облыста су инфрақұрылымы мүмкіндіктері шегінде жұмыс істеп отыр. Солтүстік Қазақстан облысының топтық су құбырларының желісі еліміздегі ең ұзыны, 3 мың шақырымнан асады. 2 мың шақырымнан астамы, яғни 63 пайызының әбден тозығы жеткен.

Өңір ауызсумен қамтамасыз етілу деңгейі бойынша елімізде 16 орында, яғни ауыл тұрғындарының 39,8 пайызының ғана үйлеріне су келіп тұр.

Мәселені оң шешуге кедергі келтіріп отырған бірнеше фактор бар. Соның негізгісі – бірқатар топтық су желілерінің құрылысының ұзаққа созылуы.

Мәселен, бірінші – Преснов топтық су желісін қайта құру жобасы. 14 елді мекен мен бір қалаға су жеткізуді көздеген жоба осыдан тоғыз жыл бұрын қолға алынған. Осы уақыт ішінде жұмыстың 56 пайызы орындалды. Келесі жылы жұмысты жалғастыру үшін 1 миллиард теңге қаржы керек, әзірге қарастырылмаған.

Екінші – Соколов топтық су желісін қайта салу. 14 ауылға су жеткізетін жобаның екінші кезеңін жүзеге асыру 2018 басталған. Жалпы құны 5 миллиард 969 миллион теңге. Бес жылдың ішінде жұмыстың 31 пайызы орындалды. 2021 жылдан бері ұзаққа созылған сот процестері жүрді. Келесі жылға қосымша 1 миллиард теңге қажет.

Үшінші – Булаев топтық су құбырын қайта жаңғырту жобасы. Тайынша ауданының он төрт ауылы мен Ақжар ауданының бес ауылын сумен қамтамасыз ететін бұл жобаға да келесі жылға 1 миллиард теңге қажет, бірақ қаражат қарастырылмаған. Жалпы, бұл жоба бойынша жұмыс аяқталғанда 39 елді мекенді ауызсумен жабдықтау жақсарады деп жоспарланған.

Тағы бір жоба. 17 ауылды Есіл топтық су құбырына қосатын жүйені реконструкциялау жобасының сараптамасы өткен жылы аяқталды. Бұл жобаға да қажетті 1 миллиард теңге қаржы қарастырылмаған.

Жалпы, бұл жобалардың бірнеше рет жобалық-сметалық құжаттамаларының мерзімі өтіп кеткен. Бұрынғы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті, «Қазсушар», «Нұра топтық су құбыры» мемлекеттік мекемелері жобаларды уақытылы қайта қарау, түзету, оларды сараптамаға жіберу және одан әрі іске асыру жөнінде уақытылы шаралар қолданбаған. Жауапсыз мердігерлер, бірнеше жылға созылған сот процестері аса маңызды жобалардың жүзеге асырылуын созып жіберген.

Тұрғындарды таза ауызсумен қамтамасыз ету үлкен әлеуметтік мәселе. Бұл жерде халықтың денсаулығынан басқа мектеп, аурухана сияқты маңызды нысандардың тыныс-тіршілігіне де тікелей байланыста.

Құрметті Әлихан Асханұлы, жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, сізден 2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджетті жоспарлау кезінде аталған жобаларды қаржыландыру мәселесін назарға алуыңызды сұраймыз.

Депутаттық сауалға заңда көзделген мерзімде жауап күтеміз.

Құрметті Ә. Рахметова, О. Перепечина».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министр Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстандағы суармалы жерлердің 35 пайызы Түркістан облысында орналасқан. 552 мың гектар суармалы жердің бойында 520 елді мекен және 1 миллионға жуық ауыл адамдары күн көріп отыр. Өнімдерін ортақ нарыққа шығарып, еліміздің өңірлерін көкөніспен, жеміс-жидекпен, бақша өнімдерімен, мал азығымен қамтамасыз етіп отырғандар да сол өңірдің азаматтары. Өкінішке қарай, соңғы жылдары облыстың шаруаларын ағын сумен қамтамасыз ету де, су шаруашылығы нысандарының жағдайы да күрмеуі шешілмейтін проблемаға айналып отыр.

Түркістан облысындағы Отырар, Сауран, Ордабасы, Бәйдібек, Жетісай, Шардара аудандары және Түркістан мен Арыс қалаларының айналасындағы суармалы жерлерді сумен қамтамасыз ету ең күрделі күйінде қалуда.

Жыл бойы егісін егіп, шығынын шығарған шаруалар шілде-тамыз айларында егістерін суаруға су жеткізе алмай қыруар шығынға батуда және бұл жыл сайын қайталанатын жайт. Осы проблемаларды шешу үшін жасалған жобалар да бар, қаржылар да бөлінген, өкінішке қарай, қаржыландыру тоқтап, жобалар өз мақсаттарына жетпеген.

Мысалы, Еуропа қайта құру және даму банкі қарызы есебінен «Отырар ауданындағы Шәуілдір алабының ішкі коллекторлық-дренаждық желілерін 12 мың 428 гектар алаңда қайта жаңарту» жобасы. Тапсырыс беруші «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны. Жобаның құны 2 мың 842 миллион теңге. Келісімшартқа сәйкес 2020 жылы 568 миллион теңге көлемінде алдын ала төлем алған. Оның игерілгені 235 миллион теңге ғана.

Жоба аясында ұзындығы 55,2 шақырым «Шәуілдір» бас қашыртқысымен 364 шақырымды құрайтын ішкі қашыртқылар механикалық тазалаудан өткізіліп, жұмыс істеу қабілеттілігін арттырып, 12 мың 400 гектар жердің мелиоративтік жағдайы жақсаратын болған. Бүгінгі таңда бас қашыртқының 42 шақырымы, ішкі қашыртқылардың 105 шақырымы ғана аяқталған. Жоба толық іске аспаған.

Дәл осындай жағдайды Бөген су қоймасын қосымша сумен қамтамасыз етіп, Ордабасы, Бәйдібек, Сауран аудандарының және Түркістан қаласының ауылдарындағы жерлерін кепілді сумен қамтамасыз ету үшін «Боралдай» су қоймасының құрылысын жүргізуден де көреміз. Жобаның сметалық құны 15 миллион теңге. Жалпы сыйымдылығы 45 миллион текше метр.

Су қоймасы салынса, жоғарыда аталған аймақтарда 67 мың гектар ауыл шаруашылығы жерлерін кепілді суғару мәселесі шешілетін еді.

Осы аталған жобалардың барлығы дер кезінде іске қосылған жағдайда жоғарыда аталған аудандардың 200 мың гектарға жуық жеріне кепілді су беру мүмкіндігі болады.

Құрметті Әлихан Асханұлы, Түркістан облысы бойынша осы және бұдан да бөлек суармалы жерлерді сумен қамтамасыз етуге қатысты жобалар жетерлік. Олардың тізбесі және жай-күйі бойынша ақпарат жазбаша түрдегі толық депутаттық сауалда жолданады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында берген тапсырмаларына сәйкес жоғарыда айтылған Түркістан облысындағы су нысандары мен су қоймаларын тиісті бағдарламаға енгізіп, 2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджеттен қаржыландыруды сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары М. Қадырбек, Ә. Бектаев, А. Сатвалдиев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Жамбыл облысы әкімдігі тарапынан 2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру аясында орталық мемлекеттік органдарға 129 миллиард теңгеге 163 бюджеттік инвестициялық жоба бойынша өтінімдер тапсырылып, бірқатар өзекті мәселелер қаржыландырудан тыс қалып отыр.

Бірінші. Жамбыл облысы Меркі ауданы Жауғаш батыр ауылын және «Жауғаш батыр», «Қаратау» шекара бекеттерін электрмен жабдықтау. Жоба құны 997,1 миллион теңге.

Мемлекет басшысы 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан электр қуатын басқа жақтан алмауға тиіс, яғни көршілес елдерге тәуелді болмауы керек, бұл ең алдымен мемлекеттік қауіпсіздік мәселесі екенін атап өткен болатын.

Облыстың халқы үшін кепілді жеткізуші «Жамбыл Жарық Сауда-2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тариф бағасы 1 киловатт-сағат үшін 16 теңгені құрағанымен, Мерке ауданы Жауғаш батыр ауылының тұрғындары көршілес Қырғыз Республикасынан 1 киловатт-сағатына орташа есеппен 90-100 теңге бағада электр энергиясымен қамтамасыз етіледі. Бұл өз кезегінде жергілікті халықтың наразылығын тудыруда.

Жоба іске асырылған жағдайда Қырғыз Республикасынан алатын электр энергияға тәуелділікті жоюмен қатар, стратегиялық маңызға ие «Жауғаш батыр» және «Қаратау» шекара бекеттерін электрмен жабдықтау мәселесі оң шешімін табатын болады.

Екінші. Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласының жеке тұрған қазандығын және мазут шаруашылығын қайта жаңғырту бойынша екі жобаны іске асыруға 1,3 миллиард теңге қажет.

Мемлекет басшысы еліміздің жылу энергетика инфрақұрылымдарының әбден тозуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететінін және Үкімет жаңа инфрақұрылымдық жоспарда осы саладағы барлық түйткілді ашық көрсетіп, оны шешу жолдарын анықтауға тиіс деген болатын.

Өз кезегінде, 29 мыңнан аса тұрғыны бар Қаратау қаласының орталық жылыту қазандығының тозығы жетуіне байланысты өзінің жобалық қуаттылығына сәйкес жұмыс істемеуде және алдағы жылыту маусымында істен шығып, қала тұрғындары жылусыз қалу қаупі бар. Аталған мазут шаруашылығы тауарлы газдың авариялық жағдайда тоқтауында немесе қажетті газ көлемі болмаған жағдайда негізгі қазандыққа баламалы жылыту көзі болып табылады. Мазут шаруашылығының жай-күйін техникалық тексеру қорытындысы қолданыстағы шаруашылық пайдалануға жарамсыз, толық қайта құруды және шұғыл шешуді қажет ететінін көрсетті.

Үшінші. Жамбыл облысы Шу ауданы Шу қаласының жылу электр орталығының түтін мұржасы апатты жағдайда және физикалық тозығы жеткен. Биіктігі 46 метр темірбетонды түтін мұржасын толықтай қайта жаңғыртуға 227 миллион теңге қажет.

Төртінші. Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласының Панфилов, Тамды Әулие және Арбатас көшелерін қайта жаңғырту. Қала тұрғындарының басым бөлігі қатынайтын 8,5 шақырым орталық көшелердің тозығы жетіп, тұрғындар тарапынан оларды жөндеу қажеттігі туралы өтініштер тұрақты түсуде. Қажеттілік 1 миллиард теңгені құрайды.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда баяндалған мәселелердің облыс тұрғындарын өмір сүруге қажетті игіліктермен қамтудағы маңыздылығын ескере отырып, 2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру барысында 3,5 миллиард теңгенің қосымша бөлінуіне ықпал етуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижелерін белгілеген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні жолданатын болады.

Құрметті Сенат депутаттары Б. Орынбеков, С. Мәкежанов, С. Арубаев». Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалымды Премьер-Министр Смайылов мырзаға жолдаймын.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Жетісу облысында республика бойынша ірі туристік нысандардың бірінің ары қарай дамуына кері әсер етіп отырған жайт орын алып отыр.

Туризм дүниежүзі бойынша ең табысты бизнес түріне айналып отырғаны белгілі. Халықаралық сарапшылардың пайымдауынша, әлемдік экономикадағы қарқын күшеймесе, бәсеңдейтін бірден-бір сала – туризм. Жалпы, туризм ішкі өнімнің қалыптасуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, сыртқы сауда көрсеткішінің өсуіне ықпал етуі арқылы мемлекетіміздің экономикалық қуатын күшейтуге септігін тигізері сөзсіз. Осыған орай елімізде туризмді дамыту мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының біріне айналуы заңдылық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Еліміздің туристік әлеуетін де пайдалану керек. Туризм осындай серпінді жобалар қатарында болуға тиіс», – деп атап өтті. Ал сегізінші сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы туризм саласына тың серпін беру үшін ең алдымен инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет екенін айтты.

Жаңа құрылған Жетісу облысының табиғи-климаттық жағдайы туризмнің сан түрін өркендетуге қолайлы, сондықтан аймақтың өзіне тән мүмкіндігін толық пайдалану өңірдің дамуында негізгі факторлардың бірі.

Алакөл демалыс аймағы республика бойынша ірі туристік нысандардың бірі. Бүгінгі таңда ол жерде 302 туристік объект, соның ішінде он бір қонақүй, үш сауықтыру кешені, бір аңшылық үй және 286 база мен пансионат демалушыларды қабылдауда. Бірреттік сыйымдылығы 25 мың 329 орын. Сонымен қоса ағымдағы жылы 1,2 миллиард теңгеге 83 жұмыс орнымен 10 инвестициялық жоба пайдалануға берілді. Биылғы жылы демалушылар саны 1,5 миллион адамға жетіп, оларға 6,9 миллиард теңгеге қызмет көрсетілді. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 30 пайыз жоғары.

Аймақта туризмнің қарқынды дамуы электр энергиясын тұтынудың жыл сайынғы өсуіне алып келіп отыр. Осыған байланысты Ақши және Көктұма ауылдарындағы демалыс аймақтарына бос қуаттардың болмауына байланысты тұтынушыларды электр энергиясына қосуға техникалық шарттарды беру бүгінде тоқтатылды.

2023 жылдың жазғы демалыс маусымында Алакөл көлінің жағалауында 20 мәрте электр энергиясының өшуі орын алды. Соның салдарынан демалыс орындарының әртүрлі 150-ден астам тұрмыстық техникалары істен шықты. Сонымен қоса көл жағалауында орналасқан Көктұма ауылында электр энергиясының төмен кернеуіне байланысты бір туристік нысан өртеніп кетті. Жазғы демалыс маусымы басталғалы бері көл

жағалауының электр энергиясының мәселесі жөнінде азаматтардан жергілікті атқарушы органдарға жүзден аса арыз-шағымдар тіркелді.

Сонымен қоса біз, депутаттар, өңірді аралағанда тұрғындармен кездесу кезінде осы мәселе ерекше көтерілді.

Жоғарыда орын алған жағдайлар Алакөл ауданындағы туризмді дамытуға кері әсерін тигізіп, туристтік нысандардың материалдық-техникалық жағдайларына шығын келтіруде.

Электр энергиясы тапшылығының мәселесін шешу мақсатында Алакөл ауданы әкімдігі тарапынан Ақши жаңа қосалқы станциясын сала отырып, Бескөл қосалқы станциясын реконструкциялап, Бескөл қосалқы станциясынан Ақши қосалқы станциясына дейін 110 киловаттық электр желісін салу нысаны бойынша жұмыс жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жоба бойынша Ақши ауылында қосалқы станция және Бескөл станциясынан Ақши ауылына дейін қуаты 110 киловаттық электр беру желісін салу көзделген. Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстары 10,9 миллиард теңгені құрады.

Аталған жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау үшін 2023 жылдың бюджетін нақтылауға 500 миллион теңгеге ағымдағы жылдың 16 тамызында Энергетика министрлігіне бюджеттік өтінім ұсынылды.

Жоғарыдағы айтылғандардың негізінде, Алакөл ауданының тұтынушыларын сапалы және үздіксіз электрмен жабдықтаумен қамтамасыз ету мақсатында жоғары вольтты электр беру желілері мен қосалқы станцияларды салу жөніндегі жобаны қаржыландыру мәселелерін қарауды және өзіңіздің жеке бақылауыңызға алуыңызды сұраймын.

Құрметті Әлихан Асханұлы, сізден депутаттық сауалда көтерілген мәселелер бойынша заңмен қарастырылған мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Бүгінгі таңда Астана әлемдегі ең жас әрі ең қарқынды дамып келе жатқан бас қалалардың бірі болып табылады. 2023 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша халық саны 1,3 миллионнан астам адамды құрады, қаңтар-мамыр айларында халықтың табиғи өсімі 12 мыңнан асты. Осы себептен бас қаланың жаңа инфрақұрылымы құрылысының жоспары жасалды, соның ішінде жаңа медициналық нысандарды салу да бар.

Астана халқы санының тез өсуі елордаға медициналық кадрлардың ағылуына жол ашады. Осы қызметкерлердің іс жүзінде 40 пайызының басында өз баспанасы жоқ, сол себептен көпшілігі жалға алған пәтерлерде тұрады. Халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар бойынша әскери қызметшілер және басқа әлеуметтік жағынан әлсіз топтар өкілдері баспана алу мүмкіндігі бар. Бірақ

медицина қызметкерлеріне арналған жеңілдетілген несиemen үй алуға мүмкіндік беретін бірде-бір қолжетімді бағдарлама жоқ. Медицина қызметкерлері деген санатқа кіретіндерге бөлек тұрғын үй бағдарламасын немесе жеңілдетілген несие беру туралы бағдарлама қабылдау мәселесін қарастыруыңызды сұраймын.

Келесі мәселе – экологиялық апат аймақтарында тұратын медицина қызметкерлеріне берілетін әлеуметтік кепілдіктер. «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамдар төрт категорияға бөлінеді.

Сонымен қатар қосымша еңбекақы және жыл сайынғы қосымша ақылы демалыс түріндегі әлеуметтік кепілдіктер жоғарыда аталған аймақтардан көшіп кеткендерге, сондай-ақ басқа өңірлерде орналасқан ұйымдарда жұмыс істейтіндерге қолданылмайды, дегенмен олар ядролық жарылыстар болған өңірлерде тұрмаса да, кезінде болған ядролық жарылыстардан денсаулығына әсер еткені сөзсіз. Қазір оған назар аудару қажеттілігі туындап отыр.

Осыған байланысты ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендер мәртебесі бар барлық медицина қызметкерлерін жоғарыда көрсетілген әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету мәселесін де қарауыңызды сұраймын.

Құрметті Әлихан Асханұлы, сізден осы мәселе бойынша жоғарыда ұсынылған тиісті іс-шараларды қабылдап, маған жазбаша түрде толық жауап жолдауыңызды сұраймын». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 21 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «Об общественном контроле», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам общественного контроля, совершенствования административных процедур», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі

Р.Р. РҮСТЕМОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке
РҮСТЕМОВА Р.Р. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. 2

ӨТЕШОВ С.Б. 3

ҚАДЫРОВ Д.Р. – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министрі, вице-министр культуры и информации Республики Казахстан 5

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. 5

ҚАДЫРОВ Д.Р. 6

ҚАНИЕВ Б.Н. 6

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. 7

ҚҰРМАЛАЕВ Н.С. – Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар вице-министрі, вице-министр экологии и природных ресурсов Республики Казахстан 7

РАҚМЕТОВА Ә.Қ. 8

ЖҮСІП Н.Б. 9

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау, әкімшілік

рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам общественного контроля, совершенствования административных процедур», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение).

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
Р.Р. РҮСТЕМОВТІҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке
РҮСТЕМОВА Р.Р. 9

**Депутат Ә.Қ. РАХМЕТОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата РАХМЕТОВОЙ А.К. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 11

**Депутат М.Б. ҚАДЫРБЕКТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КАДЫРБЕКА М.Б. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 12

**Депутат Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ОРЫНБЕКОВА Б.С. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 13

**Депутат А.Г. ТОЛАМИСОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ТОЛАМИСОВА А.Г. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 15

**Депутат Б.Н. ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 16

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің
басшысы



Г. Молдашева